

26 қараша 2024



## Меншікті бағалы қағаздардармен мәмілелер туралы ақпарат Тұрақты есеп

**Алматы, Қазақстан** - «Эйр Астана» АҚ (бұдан әрі - «Қоғам») 2024 жылғы 30 сәуірде жарияланған Акциялар мен ҒДҚ-ды сатып алу бағдарламасына сәйкес («Бағдарлама») Қоғамның жай акцияларының («Акциялар») және Акцияларға қатысты құқықтарды қуәландыратын ғаламдық депозитарлық қолхаттардың («ҒДҚ») төменде көрсетілген санын «Halyk Finance» АҚ арқылы 2024 жылдың 19 қараша және 25 қараша аралығында (бұдан әрі – «есеп беру кезеңі») сатып алу туралы хабарлайды.

Бағдарламаны жүзеге асыру шеңберінде күн сайын жасалған мәмілелер туралы біріктірілген ақпарат төменде көрсетілген:

Мәміле күні	Мәміле жасалған биржасы	Акциялардың бір күнде сатып алудың орташа өлшенген бағасы (тенге)	ҒДҚ-ның бір күнде сатып алудың орташа өлшенген бағасы (АҚШ долл.)	Сатып алынған Акциялардың жалпы саны	Сатып алынған ҒДҚ-ның орташа саны	Мәмілелердің жалпы бағасы (АҚШ долл.)*
19.11.2024	AIX / KASE/ LSE	805,22	6,37	21 019	4 226	60 922,38
20.11.2024	AIX / KASE/ LSE	801,87	6,37	20 776	4 426	61 698,07
21.11.2024	AIX / KASE/ LSE	800,26	6,35	20 854	4 759	63 937,62
22.11.2024	AIX / KASE/ LSE	800,56	6,35	20 557	4 695	63 049,39
25.11.2024	AIX / KASE/ LSE	788,05	6,32	23 407	4 834	67 587,46
Сатып алынған Акциялар мен ҒДҚ-ның саны және есеп беру кезең ішінде жасалған мәмілелердің жалпы бағасы:				106 613 Акция	22 940 ғәмілдердің (91 760 Акцияға қатысты құқықтарды қуәландыратын)	317 194,93 АҚШ долл.
Сатып алынған Акциялар мен ғәмілдердің (91 760 Акцияға қатысты құқықтарды қуәландыратын) саны және Бағдарламаны іске асыру шеңберінде жасалған мәмілелердің жалпы бағасы:				2 233 259 Акция	332 239 ғәмілдердің (1 328 956 Акцияға қатысты құқықтарды қуәландыратын)	6 509 687,49 АҚШ долл.

\* Акцияларды сатып алу мәмілелер бөлігінде, тиісті мәміле жасалған күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша

Бағдарлама шеңберінде «Halyk Finance» АҚ жасаған жекелеген мәмілелер бойынша ақпарат тәмендегі сілтеме бойынша қолжетімді:

<https://ir.airastana.com/media/8dd0de5d02eb2d9/details-kz.pdf>

Осы хабарландыру қандай да бір юрисдикциядағы бағалы қағаздарды ұсыну туралы ұсыныс немесе өтініш болып табылмайды. Қоғам да, Бағдарлама мақсаттары үшін Қоғам тартқан брокерлер де, олардың үлестес тұлғалары да (немесе олардың тиісті директорлары, қызметкерлері, агенттері немесе кеңесшілері) ҒДҚ-ның акционерлері немесе ұстаушылары өздерінің кез келген немесе барлық Акцияларын немесе ҒДҚ-ны сатуға тиіс пе екендігіне қатысты ешқандай ұсынымдар бермейді. ҒДҚ акционерлері мен ұстаушыларына Бағдарламаға қатысуға қатысты өз қаржылық ақыл-кеңестері үшін өзінің брокеріне (леріне), инвестициялық менеджеріне (леріне), заң кеңесшісіне (леріне), бухгалтеріне (леріне), кастодианына (леріне) немесе басқа да уәкілетті тәуелсіз қаржы кеңесшісіне (леріне) жүгіну ұсынылады. Акциялары және/немесе ҒДҚ-ны оның атынан брокерде, дилерде, банкте, кастодианда, траст компаниясында немесе басқа номиналды ұстаушыда сақталатын кез келген жеке тұлға немесе компания, егер олар Бағдарламаға қатысқысы келсе, осындағы тұлғаға жүгінуге тиіс.

Қосымша ақпарат алу үшін [ir.airastana.com](https://ir.airastana.com) сайтына кіріңіз немесе тәменде телефондарға хабарласыңыз:

**Air Astana**

Инвесторлармен байланыстар  
жөніндегі қызмет  
[investor.relations@airastana.com](mailto:investor.relations@airastana.com)

**Air Astana**

Корпоративтік коммуникациялар  
жөніндегі департамент  
[media@airastana.com](mailto:media@airastana.com)

**Instinctif Partners**

[airastana@instinctif.com](mailto:airastana@instinctif.com)

## Қоғам туралы

«Эйр Астана» АҚ Тобы («Эйр Астана» АҚ және «FlyArystan» АҚ) кірісі мен әуе флотының көлемі бойынша Орталық Азия және Кавказ аймақтарындағы ең ірі әуекомпаниялар тобы. Air Astana тобы 2002 жылы алғашқы рейсін орындаған Air Astana толық қызмет көрсететін бренд пен 2019 жылы құрылған FlyArystan бюджеттік тасымалдаушысы арасында үлестірілген 57 ұшақтан тұратын әуе кемелері паркін пайдаланады. Air Astana Орталық Азия, Кавказ, Қызыл Шығыс, Таяу Шығыс, Үндістан және Еуропа арқылы ішкі, өнірлік және халықаралық маршруттарда тұрақты, тікелей және транзиттік, қысқа магистральдық және алыс магистральдық авиатасымалдар мен жүк тасымалдарын қамтамасыз етеді. Air Astana Skytrax World Airline Awards нұсқасы бойынша он екі рет «Орталық Азия мен ТМД-ның үздік әуекомпаниясы» болып танылды және «Орталық Азия мен ТМД-дағы үздік қызмет көрсету» марапатын сегізінші рет иемденіп отыр. FlyArystan екінші рет «Орталық Азия мен ТМД-дағы үздік бюджеттік тасымалдаушы» номинациясында Skytrax сыйлығын алды. Сонымен қатар, «Эйр Астана» АҚ APEX (Airline Passenger Experience Association) ірі әуекомпаниялар санатында бес жүлдізды рейтингке ие. Топтың бағалы қағаздары Қазақстан қор биржасында, Astana International Exchange (AIX) және Лондон қор биржасында орналастырылған (тикер: AIRA).